

**Павлодар қаласы әкімінің 2018 жылғы 23 мамырдағы "Мойылды ауылында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" № 7 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 ақпанда № 6252 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Павлодар қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар қаласы әкімінің 2018 жылғы 23 мамырдағы "Мойылды ауылында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" № 7 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5981 болып тіркелген, 2018 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің аппарат басшысы С. Қ. Ермекбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар қаласының әкімі*

*Ә. Күмпекеев*